ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы

Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «___»_____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«___» _____ 20 __ года

2025 жылғы 12 ақпанда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің орынбасары
Т. Б. Дүйсеноваға

Депутаттық сауал

Құрметті Тамара Босымбекқызы!

Қазақ жетімін жылатпаған, кемтарын кемсітпеген текті жұрт едік. Алайда кейбіреулердің безбүйректік танытуынан 2-топ, 3-топтағы кемтар балаларды қолдау болмай жатыр. Бұл уақыттың озғаны, ұрпақтың тозғаны ма? Еліміздегі мүмкіндігі шектеулі жандардың тағдыр талқысына тасталып, мейірімділіктің жоқтығынан шырылдауын жан-жүрегімен түйсінген азаматтар неге аз?

Адамның Жаратушыдан кемтарлық пен мүгедектікті сұрап алмайтыны шындық. Туа бітті кемтарлықтың өзі де аз емес, тосыннан соғар ауру мен дерт атаулары да әртүрлі. «Тұяғы бүтін тұлпардың, қанаты бүтін сұңқардың» жоқ болатындығы сондықтан. Сонымен бірге, кемтарлық пен мүгедектік ұлт пен ұлысты, мемлекет пен қоғамды таңдамайды, бай, кедей деп те бөлмейді. Сондықтан, мемлекет те, қоғам да мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайларын жасауға, солардың жоғын жоқтап, мұңын мұңдауға міндетті. Әйтпесе, адамдығымыз қайсы? Бүгінгі депутаттық сауалым да ақыл-есі кем азаматтардың қамқоршыларына байланысты болмақ.

Әрекетке қабілетсіз немесе ақыл-есі кем адамдардың құқықтарын қорғауды заңды өкілі, яғни 18 жастан асқан соң сотпен белгіленген қамқоршы қамтамасыз етеді. Иә, 18 жасқа дейін жәрдемақы балаға да, қамқоршыға да төленеді. Бірақ одан кейін де ол Анасы үшін бәрібір бала, ол 18 ден асқанан кейін ақыл есі дұрысталып керемет болып кетпейді. Әрбір Ана баласы үшін тегін де қарай алады, соңғы демі қалғанша күте де алады. Алайда, жәрдемақы 2-топ, 3-топ топтар қамқоршыларына берілмейді. Психикалық ауруы болса оған психотроптық дәрі дәрмегі, күнделікті қажет заттарын, ас суын алуға да бөлінген жәрдемақы жеткіліксіз. **Бұлай дейтін себебім, маған осы тектес**

14.02.2025 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

бірнеше өтініштер келіп түсті. Соның біреуін ғана айтып берер болсам, жалғыз басты ана **ауылдық** жерде ақыл есі кем баланы бағып, оған қамқоршылық жасап отыр. Жаңа айтқанымдай қамқоршыға ешқандай ақы төленбейді. Ол баланы қасында қарап отырмаса басқа адамдарға зиянын тигізуі, үйді өртеп жіберуі немесе өзге түгілі өзіне де қауіп төндіруі әбден мүмкін. Міне, осындай баланы бақылап, қамқоршы болып отырған анасына ешқандай да ақы төленбейді. Қаржы жетіспеушілігінен, анасы бір жерге жалынып еден жуушы болса, екінші жерге өтініп аула сыпырушы болып екі жұмыс жасайды екен. Еден жуушының жалақысын баласына уақытша қарап отырған адамға төлесе, аула сыпырушының 45 мың еңбек ақысын балаға дәрі дәрмек алады және қалаға емге барып-келуге (таксиге) 10 мың теңгеден төлейді екен. Өзінің табатын бір жалақысы ауылдан қалаға немесе аудан орталығына 4 рет барып-келу жолақысына кетеді. 2 жұмыс жасамаса қаржысын жеткізу мүмкін емес. Бұл жерде қамқоршы ананың өз басына ешқандай да пайда жоқ. Ол демалмайды, қыдырмайды, ойын сауықпен көңіл көтермейді, ауырса ауруханаға да жата алмайды. Себебі баласына қамқоршы, бір жағынан екі ауыр жұмысы бар. Мемлекеттен қамқоршылық үшін еш жәрдем алмайды, себебі баласы 18 жастан асқан. Кеше ғана Астана қаласында 16 жастағы ақыл есінде ауытқуы бар бала 5 жасар балаға айтарлықтай қауіп төндірді. 18 жастан асқан соң бұндай балаға қарау тіптен қиын. Міне, осындай ақыл-есінде кемшілігі бар, оның ішінде аутизм, алигрофен, дауна синдромы бар мүгедектер қаншама. 1-топ мүгедектеріне жәрдемақы берілгенімен, 2-3-топтағылар қалыс қалуда. Сондықтан мүмкіндігінше 1-топқа өткізу керек және 2-3-топ мүгедектерін инватсаксимен қамтамасыз ету қажет. **Осылай мүгедектігі бар жандарға мүмкіндік жасай алмасақ несіне марқайып жүрміз.** Ақыл-есі кем адамдарға арналған кеңістіктер мен мекемелер негізінен ірі қалаларда орналасқан. Ауылдағы азаматтарға тіптен қиын. Қол жетімді инфрақұрылымның болмауынан көптеген азаматтар жапа шегуде. Оның ішіне мамандардың жетіспеушілігін қосыңыз.

Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне сәйкес Қазақстанда мінез-құлық бұзылыстары мен психикалық жағдайы бар 200 мыңға тарта адам тіркелген. Психологиялық ауытқуы бар ересек адамдар саны 2024 жылы 1705 адамға өскен. Ақыл-есі кем балалар саны 3955 балаға ұлғайған. Яғни, бүгінде 27286 бала бар.

Батыс елдері ақыл-есі кем балаларды еңбек терапиясымен емдеп, қоғамға бейімдейді. Оларға қонақ үй, түрлі тамақтану орталықтарынан жұмыс тауып, білім алуына мүмкіндіктер беріп, өздеріне толық қоғам мүшесі екенін сездіруге тырысады. Ал бізде қарапайым қамқоршыға қамқор бола алмаймыз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, төмендегіні ұсынамын:

1. 2-3-топтағы ақыл-ес кемшілігі бар мүгедектердің қамқоршыларына 18 жастан асқан соң да арнайы жәрдемақы белгіленсін.

2. Туғаннан ақыл-есі кем балаларға бірден 1-топ мүгедектігі берілсін.

14.02.2025 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

3. Ақыл-есінде кемшілігі бар 2-3-топ мүгедектеріне арнайы инватакси қызметін белгілеу.

Жауапты заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша ұсынуыңызды сұраймын.

Құрметпен,

«Ауыл» партиясының фракция депутаттары: **Т. Серіков**
А. Баққожаев
Н. Арсютин
Қ. Абден
Ж.Дайрабаев
С.Егізбаев
А. Зейнуллин
Е. Саурықов

«Ақ жол» партиясының фракция депутаты: **Е. Бейсенбаев**

«AMANAT» партиясының фракция депутаттары: **Е. Әбдиев**
Е. Әбіл
Р. Заитов
Б. Керімбек
В. Ким
Г. Нұрымова
Н.Сәрсенғалиев
Ж.Сулейменова

«Respublika» партиясының фракция депутаты: **Н. Тау**

«Қазақстан Халық Партиясы»
партиясының фракция депутаттары: **К. Сейтжан**
И. Смирнова

«Жалпыұлттық социал-демократиялық
партиясының фракция депутаттары: **Н. Әуесбаев**
А. Сагандықова

Жеке мандатты депутаты: **Д. Мұқаев**

✍ *Н.К. Аубакиров*
☎ *74-67-54*
✉ *AubakirovN@parlam.kz*

14.02.2025 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)